

**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ПЕРЗЕНТІ****Кентбек С.Қ., т.ғ.к., доцент**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ. Қазақстан

Сайын даланың сан мыңжылдаған тарихының тамыры тереңде жатыр. Әр дәуір, өзінің әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірінен сыр шертетін кезеңдері де ерекшеленіп тұратыны аян. Ұлы дала төсінде өздерінің есімдерін алтын әріппен тарихта қалдырған, ұрпақтары ерекше мақтан тұтар тұлғалары қаншама. Дала өркениетінің ерекшелігіне сай далалық ауызша тарихнамасы, шежіре-дастан арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен деректері тарихтың тағлымын молайта түсуде.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері И.Тасмағамбетов М.Жолдасбековтің ойлар мен тебіреністерден туындаған «Асылдарым» атты еңбегінің «Ұлы сағыныш кітабы» деп аталатын алғысөзінде «Атадан мұраға қалатын жазиралы жер, бірлігі мен тірлігі жарасқан ел, көзі ашық, көкірегі ояу ер. Міне, қауымды халық, халықты ұлы ететін қасиетті үш тұғыр» [1,10 б.], деп тереңнен ой толғайды.

Халқымыздың мақтанышы бола білген, бар саналы ғұмырын еліне адал қызмет етуге арнаған Ұлы тұлғалардың бірі ғана емес бірегейі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамеджан Әбдіхалықов деп білеміз.

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедиясындағы М.Әбдіхалықов туралы мәліметке зер салсақ, белгілі қайраткердің туған жылы, еңбек жолы марапаттары ғана қысқаша көрсетілген [2,141 б.].

Әрине, бұл Энциклопедияда баяндалатын мағлұматтарға тән екендігі белгілі. Бұл салада қайраткердің ұрпағы, белгілі ғалым, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Мейрам Әбдіхалықовтың біздерге табыстаған, 2020-жылы Павлодар облысында әзірленіп жарық көрген бейнебаянда Мұхамеджан Әбдіхалықовтың өскен ортасы, еңбек жолы, халқына, еліне, Отанына деген ықыласы мен қызметі тың деректермен толықтырылған.

Отанына деген ықыласты сезімімен қатар, келешек ұрпақтың болашағына сеніммен қарап, мақсат-мүддесін осы жолға арнаған, қайраткерлік пен кемеңгерліктің символы бола білген Мұхамеджан Әбдіхалықов 1907 жылы шілде айында қасиетті Баянауыл жерінде дүниеге келген. Отбасылық жағдайға байланысты, жанұяның шешіміне сәйкес, бұл әулет сол кезеңдегі өндірісті - өнеркәсіптік аймақ болған Ақмола облысына, қазіргі Қарағанды облысына қарасты Спасск зауытына көшіп келген.

Мұхамеджан әуелі Спасск зауытындағы мектепті, кейін Петропавл қаласындағы ФЗУ оқуын аяқтағаннан кейін комсомол губкомының жолдамасымен Сәкен Сейфуллин ректор болған Қызылорда ағарту институтына келіп түседі. 1928 жылы бір топ студент республикада алғаш Алматы қаласында ашылған институтқа ауыстырылады. Бұл жоғары оқу орнына белгілі тарихи тұлғалар Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедов лекция оқыған, ежелгі тарих курсы университет ректоры Санжар Асфендияровтың өзі жүргізген еді [3,4 б.].

Бұл институт 1930-жылы Қазақ педагогикалық институты болып өзгертілгені мәлім. Осы аталмыш институтты өте сәтті тәмамдаған М.Әбдіхалықов республикалық көпшілік кітапханада ғылыми қызметкерлікпен қатар, өзі білім алған оқу ордасында саяси экономика кафедрасының оқытушысы болып еңбек етеді.

М.Әбдіхалықовтың негізгі қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлік еңбек жолына келсек, ол 1933-жылдан бастау алатындығын аңғарамыз. Әуелі Казкрайком нұсқаушысы, Қазақстан ЛКЖО крайкомында бөлім меңгерушісі болады. Одан соң қайтадан Казкрайком аппаратына келіп, біраздан соң Қарағанды облыстық партия комитетінің үгіт, насихат және баспасөз бөлімінің жетекшісі қызметіне ауыстырылады [4, 392 б.].

Өзінің алғырылығымен көзге түскен, жауапкершілікті жіті сезіне білген жас азамат Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Н.И.Скворцовтың тікелей ұсыныс етуімен 1938-жылы Халық ағарту комиссары, білім саласының министрі лауазымына тағайындалады. Міне, осы шақта М.Әбдіхалықовтың шындалуы мен іскерлігінің айқын бір көрінісі мектептердің санының өсуі, әсіресе қазақ мектептері, білікті ұстаздар мен оқушылардың санының артуы болды. Білім саласындағы қызметкерлерге арнайы шипажай салынып, Консерватория, Қыздар педагогикалық институты ашылғандығы аян. Жалындаған жас қайраткердің еңбегі де ескерусіз қалмады, ол жетекшілік ететін Білім Наркоматы Қазақстанның XX жылдығына байланысты Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, ал өзі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады.

1941 - жылдың кезеңінде, Совнаркомның төрағасы қызметіндегі еңбегі де өлшеусіз болғандығы белгілі. Эвакуацияға ұшырағандарды, КСРО Ғылым академиясы, Мосфильм, ғылым мен өнер қайраткерлерін орналастыру сияқты қыруар іс-шараларды мүлтіксіз орындап, Үкімет тапсырмасын тиянақты түрде шеше білгендігі оны жаңа қырынан таныта білді. Осының бір айғағы, 1942 - жылы жас қайраткердің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және идеология жөніндегі хатшысы және бюро мүшесі болып сайлануына әкеледі, ғылым мен білім, өнер мен әдебиет саласына жаңа леп келді. Соғыс кезеңінде Алматыға көшірілген Ғылым академиясының ғалымдары мен Қазақстанның ғалымдары өзара тығыз байланыста болып, еңбек етіп, ортақ іске жұмылдырылды.

Осы мәселелерге байланысты дәйекті мағлұматтарға тоқталсақ:

«Республикада ғылыми кадрды қалыптастыруда және ғылымды дамытуда еліміздің батысынан көшірілген ғылыми әлеует маңызды роль атқарды. Соғыс жылдарында Қазақстанда 20-дан аса ірі ғылыми институт орналыстырылған еді. 1942-жылы КСРО ҒА Қазақ филиалы құрамында 864 ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкер, оның ішінде 78 ғылым докторы, 200-ден аса ғылым кандидаты болды [4,395 б.].

Ал, 1943-жылы жарық көрген Ежелгі және біздің заманымызға дейінгі Қазақстан тарихы мәселелеріне келсек, негізгі ұсыныс белгілі тарихшылар А.М.Панкратова мен Е.Бекмахановтың тарапынан туындайды. Редакция алқасының құрамына тарих саласы бойынша А.Панкратова, Б.Греков, Н.Дружинин, Е.Бекмахановпен қатар, көрнекті жазушылар М.Әуезов пен С.Мұқанов енеді. А.Панкратованың ұсынысымен және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес аталмыш басылымның бас редакторы болып М.Әбдіхалықов тағайындалады. Тоқтала кететін бір мәселе, ол, бұл еңбектің әр тарауы мен бөлімдері тиянақты түрде республиканың партия комитетінің бюросында талқыланып бекітіліп отырғандығы.

Тағыда тарихи мағлұматтарға зер салайық:

«Қазақстан тарихы жарық көргеннен кейін шовинистік бағыттағы сыншылардың пікірінен кітап авторларының тұжырымдамасын қорғап қалу үшін принципшілдік пен табандылық танытады. Сол үшін ол өз орнынан босатылады, ал, Қазақстан тарихы туралы кітап барлық кітапханалардан алынды және жойылды. Ал, бұл еңбек одақтағы ұлттық республикалар арасында жазылған алғашқы тарих болатын [3, 4 б.].

Ал, енді басты мәселе, М.Әбдіхалықовтың қиын-қыстау шақтағы өмір жолын, әділдіктің жаршысы болғандығын, ұлт жанашыры болып қана қоймай сол жолда барлық болмысымен аянбай еңбек етіп күресе білгендігін, шынайы және бүкпесіз түрде жеткізген халқымыздың абызы, жазушы Медеу Сәрсекке болды. Оған куә, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының 2012-жылғы үш, яғни №3,4,5 басылымдарындағы «Аласармас асқар таудай ардагер» атты еңбегі.

Ұлы тұлғалардың ұлылығын, өмірі мен тағдыр тауқыметін зерттеп, суреттеп болашақ ұрпаққа жеткізіп отырған М.Сәрсекке «Түрлі себептермен М.Әбдіхалықовтың ел тарихын түгендеу жолындағы таңғажайып іс-қаракеті оқта-текте ғана айтылып, бүгінгі қауымға жетпегенін ескеріп, қайраткер тұлғаның жарқын ісі мен дара бейнесін жұртшылыққа әйгілеуді жөн көрдім» [5, 41 б.], деп баса назар аударады.

Ұлы тұлға еліміздің Ғылым академиясын құру мәселесі бойынша үкімет комиссиясын басқарып, ғалымдарды ортақ іске жұмылдырып, жемісті еңбектің нәтижесінде 1946-жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы жеке ұйым болып шаңырақ көтерді.

Халқына адал қызмет еткен М.Әбдіхалықов 1947 жылдың желтоқсан айынан 1967 жылдың маусымына дейінгі аралықта еңбектен қол үзбей, сол кезеңдегі Партия тарихы институтында бөлім меңгерушісі қызметінде болды.

Ардагердің өмір жолына көз жіберсек, оның екі мәрте КСРО Жоғары Кеңесі мен КазКСР Жоғары Кеңесінің депутаты болғандығын аңғарамыз, еңбек жолында екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, көптеген медаль, Құрмет грамоталарымен, ал 2004 - жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Отан» орденімен марапатталған. Алматы қаласының Құрметті азаматы атағы да мемлекет қайраткерінің ерен еңбегін нәтижесі болды, ал 2017 жылы өзінің өмір сүрген үйінің қабырғасына Мемориалдық Құрмет тақтасы орнатылды.

Гибратты ғұмыр кешкен, бар ғұмырын халқымыздың тамырын тереңдетуге, жапырағын жайқалтуға арнаған қайраткер тұлға 2006-жылдың 13-шілдесінде жүзге аяқ басқан шағында дүниеден өтті.

Тиімді мағлұматтар мен әдебиеттерге сүйене отырып Ұлы тұлғаның кемеңгерлік пен қасиеттіліктің, азаматтық пен адамгершіліктің, отаншылдық пен ар-намыстың туын көтере білген қырларын қарастырып, халқының адал перзенті болғанына тоқталдық. Негізінен, М.Әбдіхалықовтай

ерен тұлғаның өскен ортасы, өмір жолы, қалыптасу шағы, қайраткерлік кезеңі әлі де болса жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

Ұлы даланың ұлағатты перзенті болған М.Әбдіхалықовтың кемеңгерлік келбеті, хылқына қалтқысыз қызметі, ел бірлігі жолындағы өлшеусіз еңбегі, Тәуелсіз Қазақстанның тұғырын нығайту жолындағы өскелең ұрпақ үшін үлгі болатыны сөзсіз!

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Жолдасбеков М. Асылдарым. Ойлар, тебіреністер. - Алматы: RS, Халықаралық Абай клубы, 2011.- 340 б.
2. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 2006. - 584 б.
3. Жанысбай С. Уақыттың алтын арқауы.// Ortalyq Qazaqstan. - 2020.-№35(22776). -4-сәуір. - 6 б.
4. Ғылым - өндірістің өркені. Ғалымдар, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары туралы кітап - Қарағанды: «Арка и К» ЖШС, 2016. - 462 б.
5. Сәрсекее М. «Аласармас асқар таудай ардагер». Ақиқат. Ұлттық қоғамдық - саяси журнал., №3, наурыз, 2012. – 112 б.

### К 155- ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА

**Козина В.В.**, д.и.н., профессор,

**Жуманова А.З.**, PhD, доцент

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

г. Караганда, Казахстан

Алихан Нурмухамедович Букейханов – выдающийся казахский общественный деятель, преподаватель, журналист, этнограф. Он стоял у истоков независимости нашей страны, внёс огромный вклад в политическую и духовную жизнь казахского общества в начале XX века.

Его имя неразрывно связано с национально-освободительным движением, борьбой за создание независимого государства. Он был первым премьер министром Казахстана, основателем национально-освободительного движения Алаш.

Общественно-политическая деятельность Алихана Букейханова связана с самым трагичным периодом в истории Казахстана. Идеи защиты казахского народа от притеснения колониальных властей побуждают его к активной политической деятельности. В этот период он сумел сплотить вокруг себя лучшую часть передовой казахской интеллигенции, став их лидером. Ахмет Байтұрсынов, Миржақып Дулатов, Мухамеджан Тынышпаев, Мустафа Шокай стали его единомышленниками и соратниками.

Как освободить народ от колониального ига, как если не прервать, то хотя бы замедлить реализацию властью политики крестьянской колонизации, которая лишала казахов главного источника жизни – земли? Что необходимо сделать для этого? Где рычаг политического, экономического, социального, культурного и духовного возрождения казахского этноса? Возможно ли воссоздание территориальной целостности Казахстана? К молодым людям приходило понимание, что обществу нужен импульс осознания себя как самостоятельной нации, борьба за возрождение страны и её народа.

Их совместная деятельность началась в 1905 году, когда в г. Уральске, на демократическом съезде представителей пяти областей края была образована самостоятельная политическая ячейка, филиал Российской конституционно-демократической партии (кадетов) «Казахская конституционно-демократическая партия». Эта организация казахской национальной интеллигенции пыталась добиться равноправия казахского народа в составе Российской империи, искала пути возрождения казахской государственности.

В 1913 г. начинается издаваться газета «Казах». Вместе с Алиханом Букейхановым её основателями были Ахмет Байтұрсынов, Миржақып Дулатов. Газета имела политическую направленность, её лозунг был: «Оян казах», «Пробудись, казах!». На страницах газеты публиковались произведения Шакарима Кудайбердиева, Райымжана Марсекова, Магжана Жумабаева, Мухтара Ауэзова и др.

После Февральской революции 1917 года, в июне 1917 года на I Всеказахском съезде было объявлено о создании партии «Алаш». Сам А.Букейханов, говорил о названии «Алаш», что это имя общего древнегопредка казахов. Имя Алаш относилось не только к казахам, но и ко многим другим